

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Marcus M.I Emblems of Authority: The Seals and Sealings from Hasanlu, Iran // Expedition 31. November, 1989. Penn Museum. Philadelphia, p. 53-63.

Masson M.E., Pugachenkova G.A. Ottiski parfyanskix pechatej iz Nisy` (Prints of Parthian Stamps from Nisa) // VDI. 1954. № 4. P. 159-169. [In Russian].

Podushkin A.N. Ary`sskaya kul`tura Yuzhnogo Kazaxstana (IV v. do n.e. IV v. n.e`) (Arys culture of Southern Kazakhstan 4 c. BC – 4 c. AD) Turkestan: Izdatel`skij centr MKTU, 2000. 200 p. [In Russian].

Pugachenkova G.A. Rezny`e kamni antichnoj pory` v Muzee istorii Uzbekistana (Carved stones of Antique period in museum of History of Uzbekistan) // Nauchny`e trudy` TashGU, nov. seriya, vy`p. 200, "Arxeologiya Srednej Azii", Tashkent, 1990. P. 63-85. [In Russian].

Ritter N. On the development of Sasanian seals and sealing practice: A Mesopotamian Approach // K. Duistermaat et al. (Hg.), Seals and Sealing Practices in the Near East // Proceedings of an International Workshop at the Netherlands-Flemish Institute in Cairo on December 2-3, 2009. Leiden 2012, p. 99-114.

Svod pamyatnikov istorii i kul`tury` Kazaxstana (Corpse of sites of history and culture. South Kazakhstans oblast): Yuzhno-Kazaxstanskaya oblast`. Nauchno-spravochnoe izdanie e`nciklopedicheskogo xaraktera. Almaty`: AN RK, 1994. 368 p. [In Russian].

Smagulov E.A. Amuletny`e nabory` iz pogrebenij nekropolya gorodishha Kony`rtobe v Otrarskom oazise (Amulet suites from tombs of necropolis of Konurtobe site in Otrar oasis) // Istoriya material`noj kul`tury` Uzbekistana, Vy`p. 32. Tashkent: Fan, 2001. P. 90-100. [In Russian].

Smagulov E.A. Kul`tovy`e postrojki xramovogo kompleksa na gorodishhe Sidak (Yuzhny`j Kazaxstan) (Cult structures of temple complex on Sidak site (South Kazakhstan) // Sogdijcy, ix predshestvenniki, sovremenniki i nasledniki. Na osnove materialov konferencii «Sogdijcy doma i na chuzhbine», posvyashhennoj pamyati B.I. Marshaka (1933-2006). SPb.: Izd-vo State Hermitage`, 2013. 96-129. [In Russian].

Smagulov E.A., Yacenko S.A. Novy`e serii klanovy`x znakov na doislamskoj keramike Sidaka i Turkestana na Srednej Sy`rdar`e (New series of signs on pre-Islamic ceramic of Sidak site and Turkestan on Middle Syrdariya) // Vestnik of International Institute o Cantal Asia Research. 2014. Vy`p. 19. P. 47-67. [In Russian].

Xabib Allah Ajat Allaxi Istoriya iranskogo iskusstva (History of Iran Art). SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2007. 352 p. [In Russian].

Zheleznyakov B.A.K voprosu o datirovke verxnix sloev gorodishha Zhuantobe (To the question of dating of top levels of the Zhuan tobe site) // Izvestiya NAN RK. Ser obshhestv. nauk. 2011. № 3. P. 90-100. [In Russian].

Zheleznyakov B.A., Aky`mbek E.Sh. Antichny`j profil` na xalcedonovoj pechati iz predgorij Terskej Karatau (Antique image on the stone stamp from the foothills of Tekskey Karatau) // Otan Tarixy`. 2020. № 1. P. 206-217. [In Russian].

FTAMP 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_213

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ

М.Қ. Тұяқбаев¹, Х.М. Тұрсүн², М.С. Исаев^{2*}, Б.Қ. Байболов¹,
С.Т. Шаметов¹

¹«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қазақстан, Түркістан қ.

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан

*Автор-корреспондент

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Исаев)

Түйіндеме. Мақала XII ғасырда іргесі қаланып XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін жұмысын жалғастырған, ислам әлемінде сопылық ілімнің қалыптасуына өзіндік орны бар және ірі орталықтарының бірі болған «Қылует» жерасты мешітінің археологиялық зерттелуіне арналады. «Қылует» жерасты мешітінің тарихы мен қызметін, салыну жылдарын анықтауға байланысты зерттеу нәтижелерінің әртүрлі болуы, құрылысының бірнеше мәрте өзгеруі, жетілдірілуі нақты кезеңін анықтауда қиындықтар туғызды. Жерасты мешіттерінің тарихы мен салыну мерзімін анықтау аталған құрылыстардың типологиялық функциясын дәл қорытындылауға мүмкіндік береді.

«Қылует» жерасты мешіті туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді. «Қылует» жерасты мешітінің қызметі мен салыну кезеңіне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

«Қылует» жерасты мешіті туралы аңыз-әңгімелер көп болғанымен, ғылыми әдебиеттер мен әлем саяхатшыларының жазбалары, тарихи мәліметтер өте аз, тек 1972-1973 жылдардан басталған археологиялық зерттеулердің нәтижелері көне жәдігердің салынған мерзімі мен алғашқы түпнұсқаның калпын анықтауға мүмкіндік берді.

Археологиялық қазба жұмысының жинақталған нәтижелері саралана отырып, ғылыми айналымға ұсынылады.

Кілт сөздер: «Қылует», «Гар», Қ.А. Ясауи, сопылық, мешіт, діни құрылыс.

Осы мақала ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қаржыландыруымен, «BR10164268 «Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы және «Қылует» жерасты мешітін музейлендіру» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бағдарламасы аясында жүргізіліп, жарияланды.

МРНТИ 03.41.91

АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ БОЛЬШОЙ ПОДЗЕМНОЙ МЕЧЕТИ «ХИЛЬВЕТ» ВБЛИЗИ МАВЗОЛЕЯ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

**М.К. Туякбаев¹, Х.М. Турсун², М.С. Исаев^{2*}, Б.К. Байболов¹,
С.Т. Шаметов¹**

¹Государственный историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан», Казахстан, г. Туркестан.

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, Казахстан, Туркестан.

*Автор-корреспондент

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Исаев)

Аннотация. Статья посвящена археологическому исследованию подземной мечети «Қылует», основанной в XII веке и продолжавшей свою работу до первой половины XX века, имеющей особое место в формировании суфийского учения в исламском мире и являющейся одним из крупных центров. Многообразие результатов исследований, неоднократные изменения в строительстве, усовершенствования, связанные с определением истории и деятельности подземной мечети «Қылует», годов строительства, вызвали затруднения в определении конкретного периода. Определение истории и сроков строительства подземных мечетей позволяет более точно обобщить типологическую функцию данных сооружений.

Анализ исторических данных о подземной мечети «Қылует» проводился по методикам историко-сравнительного и историко-типологического, индуктивного анализа. Приоритет был отдан подходам сравнения, анализа, направленным на раскрытие данных, содержания научно сформулированных фактов, касающихся деятельности и периода строительства подземной мечети «Қылует».

Несмотря на множество легенд и истории о подземной мечети «Қылует», исторических данных, научной литературы и записей мировых путешественников очень мало, только результаты археологических исследований, датированных 1972-1973 годами, позволили определить сроки строительства и первоначальный вид древнего сооружения.

Обобщенные результаты археологических раскопок после анализа предоставляются в научный оборот.

Ключевые слова: «Хильвет», «Гар», Х.А. Ясауи, суфизм, мечеть, религиозное строительство.

IRSTI 03.41.91

ARCHAEOLOGICAL EXCAVATIONS OF THE LARGE UNDERGROUND MOSQUE "HILVET" NEAR THE MAUSOLEUM OF KHOJA AHMED YASAWI

**M.K. Tuyakbayev¹, Kh.M. Tursun², M.S. Issayev^{2*}, B.K. Baybolov¹,
S.T. Shametov¹**

¹Azret Sultan state historical and cultural museum, Kazakhstan, Turkistan.

²International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi, Kazakhstan, Turkistan

*Corresponding-author:

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Isaev)

Abstract. The article is devoted to the archeological study of the underground mosque "Hilvet", which was founded in the XII century and continued to operate until the first half of the XX century, has a special place in the formation of Sufism in the Islamic world and is one of the largest centers.

Differences in the results of research related to determining the history and activities of the underground mosque "Hilvet", the years of construction, several changes in the construction, improvement made it difficult to determine the exact period. Determining the history and date of construction of underground mosques allows us to accurately summarize the typological function of these structures. The analysis of historical data on the underground mosque "Hilvet" was carried out using the methods of historical-comparative and historical-typological, inductive analysis. Priority was given to methods of comparison and analysis of data related to the period of activity and construction of the underground mosque "Hilvet", aimed at revealing the content of scientifically formulated facts.

Although there are many legends and stories about the underground mosque "Hilvet", there is very little scientific literature and records of world travelers, historical information, only the results of archeological research, which began in 1972-1973, allowed to determine the date of construction of the ancient artifact and its original appearance.

The accumulated results of archeological excavations are analyzed and submitted for scientific circulation.

Key words: "Hilvet", "Gar", K.A. Yasawi, sufism, mosque, religious construction.

Кіріспе. «Қылуат» жерасты мешіті – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік батысқа қарай 140 метр қашықтықта орналасқан жерасты ғимараты. Жерасты ғимаратының атауы «Қылуат» ұғымының тарихи сырын анықтау өте маңызды. Бұл туралы М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» атты кітабында «Халауат» деген ұғымның Х ғасырда пайда болған деп келтіреді. «Халауат» сөзі арабша «Халауәтун» - жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу деген сөзден шыққан, сонымен бірге, С.М. Давыдов өзінің «Суфизм в Туркмении» деген еңбегінде түркімен тілінде «Хылуат» – «құпия» деген мағына беретіндігін айтады (Тұяқбаев, 2000:41).

«Ислам. Энциклопедиялық сөздік» атты кітапта «Қылуат» ұғымының пайда болу тарихына «Халаватия (түрік Халаветия) – XIV ғасырдың соңында Иранның солтүстік-батысында пайда болған сопылық бауырластық. Бауырластық алғашқыда түрік халықтарының арасында пайда болып, ортаазия түркілік мистикалық мектебінің кейбір идеяларын (Ахмад ал-Йасауи) қабылдаған және маламатия және календария дәстүрлерінің ықпалына қатты ұшыраған» деген анықтама береді (Ислам:Энциклопедический словарь, 1991:267).

«Халуат» мешітінің негізгі бөлігі болып жер астындағы «Ғар» және оның үстіне салынған «Мешіт» немесе «Шілдехана» бөлмелері саналады. «Халуат» мешіттері негізінен «Ғар» және «Шілдехана» бөлмелерінен тұрғандығын «Әулие Құмшық Ата», «Кіші Халуат» мешіттерінің құрылысынан байқаймыз және «Шілдеханасы» жартылай жер астында болса, «Ғары» міндетті түрде оның еденінің астына орналасады (Тұяқбаев, 2000:42). «Ғар» – сопылардың оқшауланып, құлшылық жасайтын орын. Ал, «Шілдехана» - рухани тазару үшін бойы діни рәсімдер орындалатын жеке бөлме.

Алғашқыда ортодоксалды ислам билеушілері мен ақсүйектері «Халауатия» ұстанымдарын мойындамай оларды қуғынға ұшыратқан. Сондықтан, өз идеялары мен ұстанымдарын уағыздау, діни әдет – ғұрыптары мен жоралғыларын жасау үшін ағым мүшелеріне құпия жер қажеттігі туындайды. Алғашқыда үңгірлер мен жертөлелерді мінәжәт орны ретінде пайдаланған қауым мүшелері құпия орындарын мешітке айналдыра бастайды. Осыдан келіп, «Қылуат» жерасты мешіттері пайда болған деген тұжырым жасауға болады.

Қожа Ахмет Ясауидің немере інісі болып келетін Мәуләна Сафиаддин Орың Қойлақы жазып қалдырған «Насабнама» шежіресінде Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі отыздан астам «Қылуат» жерасты мешіттеріне имамдық еткені, ал, Ахметтің өзі елуден астам «Қылуатке» ұстаздық жасағаны, олардың имамдарын өз шәкірттері арасынан тағайындап отырғаны туралы жазылады.

Түркістан қаласы, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңына археологиялық зерттеулер тек кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарынан бастап, яғни 1920 жылдардан бастау алады. Дегенмен, архивтік материалдар мен әдебиеттерде орыс офицерлері мен басқа да саяхатшылардың жазбаларынан жалпылама сипаттамалар кездеседі. 1922-1927 жылдар аралығында Түрік республикалары бойынша архив істері Орталық басқармасының және Средазкомстаристің басшылығымен бірнеше экспедициялар ұйымдастырылып, зерттеуге әрекет жасалған. Бұл зерттеулер Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алу мен суретке түсіру, жөндеу жұмыстары үшін шаралар қабылдаумен шектеліп, жерасты мешіттері құрылысына назар аудармағандығы архивтік құжаттардан көрінеді.

1922-1923 жылдары Түрік республикалары бойынша архив істері Орталық басқармасының арнайы тапсырмасымен құрылған Д.И. Нечкиннің археологиялық экспедициясы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алып, фототүсірілім жасайды. Осының негізінде

ескерткішті қорғауға алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде біршама шаралар қабылданды. Экспедиция құрамында профессорлар А.А. Семенов, А.Э. Шмидт және инженер С.К. Орлов болды (Миронов, 1926:28).

1925 жылы Б.П. Денике мен инженер М.М. Логиновтың Жетісу мен Түркістан қаласына жасаған археологиялық экспедициясы кезінде де Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алу мен фототүсірілім жасаудан әріге бармайды (Миронов, 1926:30). Бұл археологиялық экспедициялар жұмысы архитектуралық өлшемдер мен фототүсірілімдер жасау, ескерткішті сақтау және жөндеу жұмыстары бойынша шаралар қабылдаумен шектеледі. Осы экспедиция жұмыстарының нәтижесінде 1924 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргетасына зерттеу жұмыстары жүргізілді (Умняков, 1926:30).

Жерасты рухани діни орындарға қатысты шетелдік ғалымдар еңбектерінде ішінара кездеседі. Жерасты діни ғимараттар мен рухани орындар туралы зерттеулер жүргізу барысында жерасты діни орындардың тарихы және салынуы туралы Г. Кановец, Ф. Ромагоса, А. Бланко, Г. Престли «Грекиядағы ортодокстық христиан діни жерасты ғимараттары» (Canoves, Romagosa, Blanco, & Priestley, 2012:282-298) атты еңбектерінде және М. Терзидоу, С. Скарлес, М. Сондерс (Terzidou, Scarles, & Saunders, 2018:54-65) еңбектерінде құнды пікірлер білдіреді. Бұл еңбектерден христиандық жерасты діни құрылыстардағы бөлмелердің қызметі исламдық сопылық дәстүрдегі жерасты мешіттеріндегі бөлмелерден басқаша салынғандығы көрінеді.

Қазақстан территориясында жерасты діни құрылыстары Маңғыстау облысында көптеп кездеседі. Маңғыстау өңіріндегі жерасты ғимараттарының бірнамасы Бекет ата атымен байланысты. «Мұнда Қазақстандағы ең көп ескерткіштер мен ғибадат орындары орналасқан» (Koshim, Sergeeva, Saparov, Berdibayeva, & Assylbekova, 2020:33-41). Аталған өңірдегі жерасты мешіттерінде де Түркістан өңіріндегі жерасты мешіттеріндегідей мешіт, «Ғар» сынды бөлмелер қызмет атқарған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне алғашқы археологиялық зерттеу 1928 жылы М.Е. Массонның жетекшілігімен жүргізілді. Бұл жөнінде М.Е.Массонның арнайы мақаласы мен монографиялық еңбегі жарық көрген (Массон, 1929). Дегенмен, бұл еңбектердің ешқайсысында «Қылует» жерасты мешітіне археологиялық зерттеулер жүргізілгені туралы баяндалмайды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. «Қылует» жерасты мешітінің тарихы мен қызметін, салыну жылдарын анықтауға байланысты зерттеу нәтижелерінің әртүрлі болуы, құрылысының бірнеше мәрте өзгеруі, жетілдірілуі нақты кезеңін анықтауда қиындықтар туғызды. Жылдар бойы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының арқасында ғана нақты тұжырым жасауға мүмкіндік туды. Жерасты мешіттерінің тарихы мен салыну мерзімін анықтау аталған құрылыстардың типологиялық функциясын дәл қорытындылауға мүмкіндік береді.

«Қылует» жерасты мешіті туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді. «Қылует» жерасты мешітінің қызметі мен салыну кезеңіне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Негізгі бөлім. «Қылует» жерасты мешітіне археологиялық зерттеу жұмыстарының алғашқысы 1940 жылы архитектор (ғылыми әдебиеттерде бірде скульптор, бірде археолог, бірде саяхатшы) А.Л. Шмидт жасаған макеттен (1 сурет) басталған деуге негіз бар. Себебі, «Қылует» жерасты мешітіне жүргізілген археологиялық зерттеулер түгелге дерлік осы макетті негізге алады. «Қылует» жерасты мешіті сынды күрделі құрылыстың макетін жасау археологиялық зерттеу жұмыстарынсыз жүрмегені белгілі. Е. Смағұлов, Ф. Григорьев, А. Итеновтердің «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана» атты еңбегінде «1940 жылы Үлкен Қылует жойылғанға дейін сәулетші А.Л. Шмидт ағаштан және папье-машеден Қылуеттің интерьерінің макетін жасады. Оны XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қылуеттің келбетін анықтау үшін қолдануға болады», – делінген (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:138).

Макеттің дұрыс жасалғандығына «Қылует» жерасты мешіті 1940 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрғаны туралы көнекөз қариялардың ауызша деректері дәлел болса, екіншіден, белгілі орыс ориенталисі В.А. Гордлевскийдің «Концепции истории Туркестанского святилища» атты кітабында «Қылует» туралы: «XX ғасырдың бірінші жартысына дейін Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар оның құлшылық еткен орнына мыңдап (жиырма мыңға дейін) жиналатын болған» (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:136) – деген мәлімет береді. А.Л. Шмидттің жүргізген зерттеулері туралы мақалалары мен жазбаша есебін іздестіру әзірге нәтижесіз аяқталуда. Макет бойынша «Қылует» жерасты мешітінің ауданы 20,5x11,5 м10 және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында түскен (Сенигова, 1977:47).

Дегенмен, кейінгі жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде «Қылует» жерасты мешітінің алғашқы құрылысының қабырға қалдықтары табылып, ол қабырғалардың А.Л. Шмидт жасаған макетпен сәйкессіздігі анықталды. Себебі, «Қылует» жерасты мешіті құрылысы бірнеше кезеңнен тұратыны дәлелденді (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:138).

«Қылу» жерасты мешітіне мұқият археологиялық зерттеу жұмыстары 1972-1973 жылдары басталды.

1972-1973 жылдары Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мемориалдық кешенінің қорғау аймағында ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнология институты Қазақ ССР Мәдениет Министрлігімен бірлесіп ескерткіштерге археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Археологиялық қазба жүргізілетін діни құрылыстар қатарына – «Кіші Қылу», «Шілдехана» және «Үлкен Қылу» кірді (Сенигова, 1977:42).

«Қылу» жерасты мешітінің Кеңестік кезеңде бұзылып құрылыс материалдарының май зауытын салуға алынып кеткендігі (Смагулов, Григорьев, Итенов, 1999:138) және жерасты мешітінің үстіне кеңестік кезеңде салынып, қолданыста тұрған басқа да қосымша құрылыстардың болуы қазба жұмыстарын толық жүргізуге кедергі келтіргендіктен, Т.Н. Сенигова кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізе алмаған. Тек қана солтүстік-шығыс қабырғасының бойынан шығыс бағытта 3 траншея және солтүстік бағытта 3 траншея қазу арқылы негізгі қабырғаның бағытын және ол қабырғаның Л.А. Шмитд жасаған макетпен сәйкес келетінін анықтап, «Қылу» жерасты мешітінің ішкі бөлмелеріне жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық ыдыстарға жасалған сараптама бойынша ғимарат XV-XVI ғасырларда салынған», – деген тұжырым жасайды (Сенигова, 1977:58). Осы археологиялық қазба барысында «Ғар» бөлмесінің ішіне де зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Ол туралы Т.Н. Сенигова: «Төменгі жағында жер асты бөлмесіне кіреберіс орналастырылған – «Ғардың» диаметрі 75x90 см және тереңдігі 1,10 см сопақ құдық (люк) түрінде жасалған. Әрі қарай қорап тәрізді қабырғамен қоршалған ұзын дәлізбен жалғасып, кірпішпен қаланған төрт баспалдақ бар. «Ғарға» апаратын дәліз михраб тәрізді шығысқа бағытталған және 12 күйдірілген қыштан (кірпіштен) жасалған аркамен аяқталады. Арка ені екі кірпіш (55 см.). Дәліз арканың негізгі көлеміне орай 40 см. дейін тарылып, жоғарыға қарай 50 см. дейін көтеріле кеңейген. «Ғар» шаршы пішінді (1,34x1,34 м) және күмбезбен көмкерілген, еденіне күйдірілген кірпіш қаланған. «Ғардың» қарама-қарсы екі қабырғасының бұрышында кірпішпен қаланған бір-бір ойықшасы бар. Ойықтың биіктігі 50 см, ені 30 см. Ойық тереңдігі 25-27 см. (Сенигова, 1977:48-50), – деген анықтама береді.

Т.Н. Сенигова объектінің сыртқы қабырғаларына толық археологиялық қазба жұмысын жүргізбеуі, ғимараттың салынған кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік бермеді. Археологиялық қазба кезінде табылған заттарға сараптама жасай отырып, Т.Н. Сенигова ғимараттың жасын XV-XVI ғасырлар деп қате тұжырым жасайды. Ғимарат ішінен табылған XV-XVI ғасырларға тән ыдыстар «Қылу» жерасты мешіті сол дәуірден бері жұмысын тоқтатпағанының дәлелі болса керек. 1972-1973 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына талдау жасай отырып, 1979 жылы археологиялық зерттеу жүргізген Е. Смағұлов, А.Л. Шмитд макеті бойынша «Үлкен Қылу» кешені эртаратпандырылған бөлмелер арқылы құрылатынын, оның екі құрылыс кезеңінен тұратынын анықтады.

1979 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында «Қылу» жерасты мешіті бүкіл қабырғалары биіктігінің жартысына жуығы жер астында орналасқандығы айтылған. Дегенмен, «Қылу» жерасты мешіті алғашқы нұсқасында жартылай жер асты құрылымы ретінде салынған ба, әлде оның айналасында сақталған мәдени қабаттың өсуіне байланысты қабырғалары жартылай жерге көмілген бе деген сұраққа жауап берілмейді. Бірақ, осы зерттеу барысында Қожа Ахмет Ясауидің пайғамбар жасына жеткен соң, жерастына түсіп, өмірінің соңына дейін сонда мінәжет еткен «Ғар» бөлмесі XII ғасырда соғылған болуы мүмкін деген пікір айтылады. «Халық аңызы бойынша «Қылу» ең ежелгі бөлмесі және дәл сол жерде Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғанға дейін өмір сүрген деп саналатын «Ғар» №1 мешіт және №2 дәліз бөлмелерінде (1 сурет) еден астында орналасқан. Яғни, оның құрылысын XII ғасырға жатқызуға болады» (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:141).


1979 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде Е. Смағұлов «Қылу» жерасты мешітінің негізгі бөлмесі болып саналатын № 6 (1 суретте) жалпы жиналыс жасалатын үлкен залдың жайпақ төбесінің белағаштары он алты бағаналарға сүйелетінін және ол бағаналардың Түркістандық әсем өрнектермен бедерленгенін, ол бағаналардың түпнұсқасы қазіргі кезде Ташкент өнер музейінде экспозицияда тұрғаны туралы Г.А. Пугаченкованың «О резных деревянных колоннах XIV-XV и. И Туркестане» (Пугаченкова, 1948) атты еңбегіне сілтеме жасайды.

Осы үлкен залға жалғастырыла құрылыстың екінші кезеңі салынған, сондықтан үлкен залдың батыс қабырғасынан кіру есігі орналастырылған. Құрылыстың екінші кезеңіне № 9-18 бөлмелер (1 сурет) жатады. Бұл бөлік негізінен шаруашылық бөлмелер болып табылады. Бұл бөлмелерге жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталғанындай екінші кезең құрылыстарының өзі бір мезгілде салынбаған. Себебі, зерттеу жұмысының жазбаша есептеріне қарағанда әр бөлме еденінің деңгейі әртүрлі болып келеді.

Екінші кезеңге жататын ғимарат бөлігінің үш бөлмесінен (№10,11,14) құдық орны, ал №14,15 бөлмелерден суағар орны, №14 бөлмеден ошақ пен қазан орны, №13 бөлмеден №14 бөлмедегі

(1 сурет) ошақтың от жағатын аузының орны табылады, бұдан бұл бөлмелердің діни әдет – ғұрыптар мен жоралғылар жасау үшін тазалық бөлмелерінің қызметін атқарғандығын көреміз.

Е. Смағұлов, Ф. Григорьев, А. Итеновтердің «Діни құрылыстар» атты мақаласында «Қылует» жерасты мешітінің №1 бөлмесі туралы «Бұрын, бөлме төбесі күмбезді болғанға ұқсайды», – деген пікір білдіреді (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:141). Ортағасырлардағы кез келген діни құрылыс күмбезсіз болмағаны тарихтан белгілі. Осыған байланысты Орта Азияда кездесетін кейбір діни құрылыстардың шығу тегі туралы Литвинский Солтүстік Хорасан мен Мавераннахрда кең таралған исламға дейінгі от храмдарынан Орталық Азияның орталық кесенесінің генезисін шығара келе, күмбезді құрылыстар, кесенелер, егер олардың архитектуралық, әлеуметтік және идеологиялық аспектілерінің кешенінде зерттелсе, тұжырымдамалық жаңа құбылысты білдіретінін атап өтеді (Baitenov, Tuyakayeva, Abdrasilova, 2019: 80-93).



1 сурет. «Үлкен Қылует» мешітінің А.Л.Шмидт жасаған макеті. 1940 ж.

Кеңестік кезеңде «Қылует» жерасты мешітіне назар аударылмай, табиғи және адам қолымен жасалған әрекеттердің нәтижесінде өте қатты зиян шеккен. 1982 жылы «Қылует» жерасты мешітіне «Қазқайтажаңғырту» мекемесі жөндеу жұмыстарын жүргізеді. «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің ведомстволық архивінен алынған деректе «1980 жылы алдын-ала жобалау жұмыстары бойынша жүргізілген зерттеу кезінде тек «Шілдехана» бөлмесі қабырғаларының қалдықтары сақталып қалғандығы анықталды. Қалпына келтіру жұмыстарына 40-жылдары жасалған А.Л. Шмидттің макетін негізге ала отырып жоба жасалды. Осы жоба бойынша реставрациялық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді» (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві, I:1). 1972-73 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарынан кейін де «Қылует» жерасты мешітінде айтарлықтай өзгерістер бола қоймаған сыңайлы. Өйткені, «Қазқайта жаңғырту» мекемесінің жобалау жұмыстары үшін жүргізген зерттеулерінің құжаттары мен 1972-1973 жылдары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Т.Н. Сенигованың жазбаларын салыстырып қарағанда айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды. Макет бойынша он сегіз бөлме көрсетілген болса, қайта қалпына келтіру жұмыстары басталғанға дейін екі бөлме ғана сақталып қалған. Ол бөлмелердің қабырғалары да бұзылып алынып, дегенмен, белгісіз жанашырлардың қамқорлығымен қайта қаланған. 1982 жылы жүргізілген қалпына келтіру жобасына оңтүстік-шығыс қабырғасы енгізіліп, ертеректе салынған 8 бөлме макет бойынша қалпына келтірілді (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві, I:1).

1997 жылы «Қазқайтажаңғырту мекемесі «Қылует» жерасты мешіті ғимаратына сыртқы толық ауқымды тексеру жүргізіп, нәтижесінде құрылыстық жобалау жүйесінен ауытқулар болғандығын анықтайды. Осы мекеменің ведомствалық архивінен алынған мәліметте «Негізгі бағаналардың арақашықтығы, белағаштардың жапсарлары, шатыр құрамы мен қабырғалардың геометриялық өлшем тепе-теңдіктері сақталмағаны анықталған» (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві, I:1).


«Қылует» жерасты мешітіне келесі археологиялық қазба жұмысы 1996 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қаржысымен археологтар Е. Смағұлов және М.Қ. Тұяқбаевтардың жетекшілігімен жүргізілді. М. Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Ғар» бөлмесінің жасын анықтауды археологиялық қазбаның негізгі мақсаты етіп қойылғандығын айтады (Тұяқбаев, 2011:42).

Қазба жұмысы барысында анықталғандай «Мешіт бөлмесі мен «Ғардың» салыну уақыты екі түрлі екендігі анықталған. Себебі, қазіргі жерасты мешіті қабырғаларының «Ғар» қабырғаларымен сәйкес келмеуі мешіт бөлмесінің кейін немесе бұзылған құрылыс орнына қайта салынғандығын көрсетеді. Бұл туралы жазбаша есепте «Ең алдымен, «Ғар» қабырғалары мен оның үстінде орналасқан «Мешіт» бөлмесі қабырғаларының бағыты біршама сәйкес келмеуі, олардың бір-біріне (шамамен 15 градус) қиғаш бұрышта болуы назар аудартады. А.Л. Шмидттің макетінде де бұл қабырғалар дәл солай сәйкес келмейді. «Ғар» үстімен Мешіттің оңтүстік-батыс қабырғасы өтеді. «Ғар» қабырғасы мен Мешіт бөлмесі қабырғаларының сәйкессіздігі екі құрылыстың бір-біріне салыну мерзімі жағынан қатысы жоқтығын көрсетеді» («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры, Ф.6:1).

Негізгі археологиялық жұмыстар «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан жүргізілген. Қазба жұмыстары үшін алғашқы тексеру жұмыстары кезінде (шурф) бір метрден аса тереңдікте қам кесектен соғылған қабырға орны кездеседі. Бұл қабырға бойынша құрылыстың көлемі қазіргі тұрған «Мешіт» қабырғасынан бір метрдей кіші, бірақ, қазіргі қабырғамен параллель орналасқан, яғни, «Ғар» қабырғасынан 15 градустай қиғаш. «Ғардың ең жоғарғы жаппасы бір метрдей төменде орналасқан. Осы жерден «Мешіт» бөлмесінің күйдірілген қыштан қаланған едені де 15 градустай қиғаш. Бұдан шығатын қорытынды қам кесектен соғылған мешіт қабырғасы да «Ғар» құрылысынан кейін қаланғандығын көрсетеді. Бұл туралы М.Тұяқбаевтың «Археологические исследования в Большом Хильвете» атты мақаласында «Қам кесектен соғылған қабырға, қазіргі тұрған «мешіттен» бұрынғы мешіттің орны екендігінің, бірақ, «Ғар» бөлмесінен кейін салынғанының дәлелі» (Тұяқбаев, 2011:42). Осы мақалада «Ғар» үстінде мешіттен бұрын басқа шаршы немесе шеңбер формасында құрылыс болған, кейінірек ол құрылыстың орнына «Мешіт» XV ғасырларда салынған болуы мүмкін деген пікір айтылады.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер «Қылует» жерасты мешіті күйдірілген қыштан Әмір Темір заманында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы кезінде қайта салынған болуы мүмкін деген ойға итермелейді. Бұл туралы М. Тұяқбаевтың «Археологические исследования в Большом Хильвете» атты мақаласында «Хильветтің күйдірілген кірпішпен қайта салынуы тимуридтік кезеңге, Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен құрылысымен байланысты деп болжап отырмыз. Сол уақыттарда «Зиярат» бағытына кесенеден басқа «Қылует» және Ахмет Ясауи тұрғын үйі (қазіргі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында орналасқан «Жұма мешіті» орны) және оның жақындарының жерленген орындары кірді. Ұлы Темір де Ясауи есімімен байланысты жерлерге қызығушылық танытып, толық бағдарлама бойынша зиярат жасауға ниетті болған. Зиярат кезінде қам кесектен салынған «Қылуеттің» аянышты хәлін көріп қайта салғызуы мүмкін. Осылайша, «Мешіт» бөлмесі еденінің қазіргі деңгейі түпнұсқадан 80 см жоғары көтеріліп, ал «Ғар» тағы бір метрге тереңдей түскен. «Ғар» құдығының (люгінің) қабырғасы жоғары қарай тоғыз қатар қышпен қосымша қаланған. Мұны құдықтың (люктің) жарып көрсетілген кескінінен (2 сурет) оңай анықтауға болады. «Ғар» кіреберісінің алдындағы алаңның қабырғалары тағы тоғыз қатар кірпіш қаланып жоғары көтерілген және төрт жағынан бөренелермен қоршап, нығайтылған. Кіреберіс арканың үстіне де белағаштар орнатылып, сол арқылы жоғарыдан болатын салмақты азайтуға тырысқан» (Тұяқбаев, 2011:42).

«Ғар» үстіне салынған құрылыстардың жасын бұрынғы жүргізілген археологиялық зерттеулерде анықтағанмен, «Ғар» бөлмесінің салынған уақытын анықтау өзекті мәселе болып қала берген еді. Осы мақсатқа жету үшін 1996 жылы археологтар «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба кезінде қабырға сыртынан топырақ арасынан керамикалық бұйымдардың сынықтары табылған. Табылған заттардың бөліктеріне жасалған сараптама олардың X-XII ғасырларға тән екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ғар» қабырғалары қаланған шамамен 24x27 см. көлемдегі қыштар XI-XII ғасырларда кеңінен қолданылған. Бұл туралы М. Тұяқбаевтың «Археологические исследования в Большом Хильвете» атты мақаласында «Көлемі 24X27; 25X26; 26x26 см. болатын осындай кірпіштер Орта Азияның XI-XII ғғ. көптеген ғұрыптық-мемориалдық құрылыстарынан белгілі. Дәл осындай кірпіштер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі I-кезеңінің қабырғаларын салу кезінде пайдаланылған, олар XIV-XV ғасырлар аралығында кесенеге арнайы жасалған II-кезеңнің кірпіштерінен көлемінің кішілігімен ерекшеленеді. Құрылыстың бірінші кезеңінде олар болашақ кесененің аумағына кіретін ескі ғимараттарды бұзып, қабырғалардың төменгі бөліктерін салу үшін пайдаланды. «Қылует» құрылысы I кезеңіндегі кірпіштердің 24 см-ден 27 см-ге дейінгі ауытқуларының себебі осында» («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры, Ф.6:2).



2 сурет. «Ғарға» түсетін тесік пен жолдың жарма көрінісі. 1,2,3, - қыш төселген баспалдақ жол

Сондай-ақ, 1972-1973 жылдары қосымша ғимараттардың тұрғызылуына байланысты қазба жұмыстары жүргізілмеген «Қылуеттің» солтүстік-батыс бөлігіне де археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Дегенмен, ғимараттың бұл бөлігі XVIII-XX ғасырларда салынған қосымша қызметтік бөлік болғандықтан, мамандардың шешімімен тарихи немесе архитектуралық құндылыққа ие емес деп тұжырымдалған.

1999 жылы «Қазқайтаңғырту» мекемесінің Түркістан филиалы ғимараттың солтүстік – батыс бөлігіне қазба жұмыстарын жүргізеді. Бірақ, бұл жылы тек XIX-XX ғасырларға тән қабаты ғана ашылады.

2000 жылы археологиялық зерттеу жұмыстары қайта жалғасады. Осы зерттеу барысында А.Л. Шмидт макеті бойынша ғимараттың солтүстік-батыс бөлігі XIX ғасырда қайта соғылғанын анықталады.

1996 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде «Ғар» құрылысының XII ғасырға тән екендігі, 1972-1973 жылдары жүргізілген Т.Н. Сенигованың археологиялық зерттеулері бойынша XIV-XV ғғ. салынған деп қалыптасқан пікірдің асығыс тұжырым екендігі, «Қылует» жерасты мешітінің бірінші кезең деп саналған бөлігі шындығында кейінгі құрылысқа жататындығы дәлелденді.

Қорытынды. «Қылует» жерасты мешітін археолог ғалымдар түрлі деңгейде зерттегенін көреміз. Аталған зерттеулер мен жазба есептерді саралай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Т.Н. Сенигова мен Е. Смағұловтардың әр жылдары жүргізген археологиялық зерттеулерінде «Қылует» жерасты мешітінің салыну мерзімі XV-XVIII ғасыр деп көрсетуі XIII-XIV ғасырларда қам кесектен соғылған көне мешіттің үстіне қайта соғылған мешіт екені анықталды. Алғашқы «Қылует» жерасты мешіті тек екі бөлмеден тұратын ғимарат болған. Олар: «Ғар» үстіне «зікір» салуға арналған дөңгелек бөлме және шаршы формалы михрабы бар мешіт. Уақыт өте келе, «Үлкен Қылует» жерасты мешіті қазіргі көлеміне дейін біртіндеп жалғанып кеңейтілген.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырларда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салынуына байланысты бұрынғы қам кесектен салынған «Қылует» бұзылып, орнына күйдірілген қыштан қайта тұрғызылған. Ал, «Ғар» мен шаруашылыққа арналған солтүстік-батыс бөлігіне тиіспеген. Қам кірпіштен салынған осы бөлікке бірнеше мәрте жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен, еден деңгейі едәуір өзгеріске ұшыраған.

XVI ғасырдың екінші жартысында Бұқар ханы II Абдулла Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің порталы мен шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізгені және монша мен медресе салдырғаны белгілі. Осы сапарында «Қылует» жерасты мешітінің қам кесектен соғылған солтүстік-батыс қабырғасының жүдеу хәлін (құлап жатуы да мүмкін) көре тұрып жөндеу жұмыстарын жүргізбеуі және жергілікті ірі дін өкілдерінің пікірімен санаспауы мүмкін емес. Сондықтан, «Қылует» жерасты мешітінің солтүстік шаруашылық бөлігі күйдірілген қышпен XVI ғасырдың соңғы ширегінде қаланған деп тұжырымдаймыз.

Қорыта келе, «Қылует» жерасты мешіті алғашқы нұсқада жер астында салынып, кейінгі бірнеше мәрте салыну мен жөндеу жұмыстары әсерінен биіктеп жартылай жерасты мешітіне айналған.

«Қылу» жерасты мешіті түркі халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына жағдай жасаған негізгі орталық ретінде, оның кеңінен таралуына өзіндік ықпалы бар бірегей діни құрылыс.

Әдебиеттер тізімі

- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры. 6-к., 8-т., 5-іс, 1-п.
 Baitenov E., Tuyakayeva A., Abdrasilova G. Medieval mausoleums of Kazakhstan: Genesis, architectural features, major centres // *Frontiers of Architectural Research*. 2019. №8, 80-93 p.
 Cánoves G., Romagosa F., Blanco A., & Priestley G.K. Religious tourism and sacred places in Spain: old practices, new forms of tourism // *International Journal of Tourism Anthropology*. 2012. 2(4), 282–298.
 Ислам: Энциклопедический словарь. Москва: Наука: Главная редакция восточной литературы. 1991. 581 с.
 Koshim A.G., Sergeyeva A.M., Saparov K.T., Berdibayeva S.K., & Assylbekova A.A. Underground mosques of Mangystau as the objects of religious tourism // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. 2020. 34(1). 33–41.
 Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві. I том, I кітап.
 Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави в г. Туркестане // *Известия Среднеазиатского географического общества*. т. 19. 1929. Ташкент. С. 21-68.
 Миронов А.М. Организация, научная и практическая деятельность Средазкомстариса // *Известия Средно-Азиатского комитета по делам музеев, охраны памятников старины, Искусства и природы (Средазкомстарис)*. Ташкент: Издание Средазкомстарис. 1926. С. 12-41.
 Немцева Н.Б. Археологические раскопки у комплекса Х.А. Ясави // *Известия Академии наук Казахской ССР*. Алматы. 1961. С. 90-102.
 Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. в г. Туркестане // *Известия АН Казахской ССР. Серия архитектурная*. Вып. 1. 1948. С. 40-53.
 Terzidou M., Scarles C., & Saunders M.N. The complexities of religious tourism motivations: Sacred places, vows and visions 2018. // *Annals of Tourism Research*. 2018. №70. P. 54–65.
 Тұяқбаев М. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. 2011. III том. Б. 42-48.
 Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы: Атамұра. 2000. 189 б.
 Сенигова Т.Н. Культовое сооружение около Мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави / *Вопросы археологии южного и западного Казахстана*. Алматы: Наука, 1975. 256 с.
 Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. Алматы: Ғылым, 1999. 324 с.
 Умняков И.И. Археологияческая и ремонтно-реставрационная работа Средазкомстариса в 1927 году. *Известия Средно-Азиатского комитета по делам музеев, охраны памятников старины, Искусства и природы (Средазкомстарис)*. Ташкент: Издание Средазкомстарис, 1926. С. 26-41.

References

- «Aziret Sultan» memlekettik tarihi-madeni koryk-muzej kory. 6-q., 8-t., 5-is, 1-p.
 Baitenov E., Tuyakayeva A., Abdrasilova G. Medieval mausoleums of Kazakhstan: Genesis, architectural features, major centres // *Frontiers of Architectural Research*. 2019. №8. 80-93 p. [In English].
 Cánoves G., Romagosa F., Blanco A., & Priestley G.K. Religious tourism and sacred places in Spain: old practices, new forms of tourism // *International Journal of Tourism Anthropology*. 2012. 2(4). P. 282–298 [In English].
 Islam: Enciklopedicheskij slovar'. Moskva: Nauka: Glavnaya redakciya vostochnoj literatury, 1991. 581 s. [In Russian].
 Koshim A.G., Sergeyeva A.M., Saparov K.T., Berdibayeva S.K., & Assylbekova A.A. Underground mosques of Mangystau as the objects of religious tourism // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. 2020. №34(1). P. 33–41 [In English].
 Kazkajtazhangyrtu mekemesining vedmostvalyk arhivi. I tom, I kitap.
 Masson M.E. O postrojke mavzoleya Hodzha Ahmeda YAssavi v g. Turkestane // *Izvestiya Sredneaziatskogo geograficheskogo obshchestva*, t. 19. Tashkent. 1929. S. 21-68 [In Russian].
 Mironov A.M. Organizaciya, nauchnaya i prakticheskaya deyatel'nost' Sredazkomstarisa // *Izvestiya Sredno-Aziyatskogo komiteta po delam muzeev, ohrany pamyatnikov stariny, Iskustva i prirody (Sredazkomstaris)*. Tashkent: Izdanie Sredazkomstaris, 1926. S. 12-41 [In Russian].
 Nemceva N.B. Arheologicheskie raskopki u kompleksa H.A. YAsavi // *Izvestiya Akademii nauk Kazahskoj SSR*. Almaty. 1961. S. 90-102 [In Russian].
 Pugachenkova G.A. O reznyh derevyannyh kolonnah HIV-HV vv. v g. Turkestane // *Izvestiya AN Kazahskoj SSR. Seriya arhitekturnaya*. Vyp. 1. 1948. S. 40-53 [In Russian].
 Terzidou M., Scarles C., & Saunders M.N. The complexities of religious tourism motivations: Sacred places, vows and visions // *Annals of Tourism Research*. 2018. №70. P. 54–65 [In English].

Tuyakbaev M. Tauelsizdik kezenindegi Kazakstan arheologiyasy: korytyndylary men keleshegi. Halykaralyk gylymi konferenciya materialdary. Almaty. III tom. 2011. B. 42-48 [In Kazakh].

Tuyakbaev M. Turkistan syrlary. Almaty: Atamura, 2000. 189 b. [In Kazakh].

Senigova T.N. Kul'tovoe sooruzhenie okolo Mavzoleya Hodzhi Ahmeda YAsevi / Voprosy arheologii yuzhnogo i zapadnogo Kazahstana. Almaty: Nauka, 1977. 256 s. [In Russian].

Smagulov E., Grigor'ev F., Itenov A. Ocherki po istorii i arheologii srednevekovogo Turkestana. Almaty: Gylym, 1999. 324 s. [In Russian].

Umnyakov I.I. Arheologiyacheskaya i remontno-restavracionnaya rabota Sredazkomstarisa v 1927 godu. Izvestiya Sredno-Aziyatskogo komiteta po delam muzeev, ohrany pamyatnikov stariny, Iskustva i prirody (Sredazkomstaris). Tashkent: Izdanie Sredazkomstaris, 1926. S. 26-41 [In Russian].

MPНТИ 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_222

АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ

Утубаев Жанболат Раймкулович^{1*}

¹Институт археологии им. А.Х. Маргулана. Казахстан, Алматы

*Автор корреспондент

E-mail: utubaev_z@mail.ru

Аннотация. В статье публикуются результаты нескольких лет раскопок на поселении Баланды, на территории древней дельты Сырдарьи, где во второй половине I тыс. до н.э. была распространена земледельческая чирикратская археологическая культура. Поселения Баланды является центром небольшого земледельческого оазиса IV–II вв. до н.э., который базировался на магистральном канале, между протоков Инкардарьи и Жанадарьи низовьях Сырдарьи и Приаралье, в целом. Центром поселения и всего оазиса была укрепленная усадьба-крепость Баланды I. На Баланды I было вскрыто несколько помещений остатки крупного монументального здания. Рядом с крепости раскопаны Усадьба 2, в результате открыто три помещения с очагами, в центре остатки двух относительно одновременных обжигательных гончарных горнов. В процессе раскопок найдено более 50 фрагментов керамики. Вся глиняная посуда, во всяком случае, когда можно определить форму и тип сосуда ходит себе прямые аналогии в керамических комплексах Чирикратской культуры.

Ключевые слова: Сырдарья, культура, крепость, поселения, усадьба, земледельца, горн, керамика.

Статья выполнена в рамках реализации проекта ИРН АР09260367 «Сельские поселения раннего железного века в низовьях Сырдарьи: хозяйство и быт»

ҒТАМР 03.41.91

АНТИКАЛЫҚ БАЛАНДЫ ҚОНЫСЫ

Утубаев Жанболат Раймқұлұлы^{1*}

¹Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Қазақстан, Алматы

*Автор корреспондент

E-mail: utubaev_z@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада ежелгі Сырдария бойында орналасқан Баланды елді мекеніне жүргізілген бірнеше жылдық қазба жұмыстардың нәтижесі жарияланды. Аталған аймақта б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында шірікрат археологиялық мәдениеті егіншілікпен айналысқан. Баланды қонысы б.д.д. IV–II ғғ. шағын егіншілік оазисінің орталығы болып саналады. Ол Іңқәрдария мен Жаңадария арналары арасындағы және Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал маңындағы магистралды каналда орналасқан. Жалпы Баланды I бекінісі қоныстың және барлық оазистің орталығы болып есептеледі. Баланды I бекінісінен ірі монументалды ғимараттың бөлмелері анықталды. Бекіністің жанынан №2 үй-жайға археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, ішінде ошақтары бар үш бөлме ашылды. Ал оның орталық бөлігінде әртүрлі уақытқа жататын екі қыштан жасалған күйдіру пештері сақталған. Қазба барысында 50-ден астам керамика бөліктері табылды. Анықталған барлық қыш ыдыстардың пішіні мен түріне ұқсас бұйымдарды шірікрат мәдениетінің керамикалық кешеніне жатқызылады.

Кілт сөздер: Сырдария, мәдениет, бекініс, қоныс, үй-жай, егіншілік, пеш, керамика.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды